 - а. **Үшінші тарап тасымалы.** НР Бағдарламалық құралының бастапқы түпкі пайдаланушысы НР Бағдарламалық құралын басқа бір түпкі пайдаланушыға бір рет бере алады. Басқа тұлғаға берген кезде, оған барлық құрамдас бөліктері, медиа, пайдаланушы құжаттамасы, осы келісім және қажет болса, түпнұсқалық куәлігі кіреді. Беру жөнелту сияқты жанама беру болмауы тиіс. Берер алдында, берілетін бағдарламалық құралды алатын түпкі пайдаланушы осы Келісімді қабылдау керек. НР бағдарламалық құралы берілгеннен кейін, лицензияңыз автоматты түрде күшін жояды.
 - ә. **Шектеулер.** НР бағдарламалық құралын жалға беруге немесе коммерциялық мақсатпен бөлісуге немесе кеңседе пайдалануға болмайды. Осы келісімде тікелей көрсетілмесе, НР бағдарламалық құралын қайта лицензиялауға, тағайындауға немесе басқаша жолдармен үшінші тараптарға беруге болмайды.
5. **ЖЕКЕМЕНШІК ҚҰҚЫҚТАР.** Бағдарламалық құрал мен пайдаланушы құжаттамасындағы барлық зияткерлік меншік құқықтары НР компаниясы немесе оның жабдықтаушыларының иелігінде және заңдармен, соның ішінде тиісті авторлық құқық, сауда құпиясы, патент және сауда белгісі туралы заңдармен қорғалған. Бағдарламалық құралдан өнім идентификаторларын, авторлық құқық ескертулерін немесе жекеменшік шектеулерді алып тастауға болмайды.
6. **КЕРІ ЖОБАЛАУҒА ҚАТЫСТЫ ШЕКТЕУ.** Тиісті заңмен рұқсат берілмесе, НР Бағдарламалық құралын кері жобалауға, декомпиляциялауға немесе бөлшектеуге болмайды.
7. **ДЕРЕКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУҒА КЕЛІСІМ БЕРУ.** НР компаниясы және оның аффилиирленген тұлғалары (а) бағдарламалық құралды немесе НР өнімін пайдалануыңызға немесе (б) бағдарламалық құрал немесе НР өніміне қатысты көрсетілген қолдау қызметтеріне қатысты берген техникалық ақпаратты жинап, белгілі бір мақсатта пайдалануы мүмкін. Мұндай ақпарат НР компаниясының құпиялық саясатына сәйкес пайдаланылады. Пайдалану мүмкіндіктеріңізді кеңейту немесе қолдау қызметтерін беру қажеттілігі тумаса, НР мұндай ақпаратты атыңыз көрінетіндей түрде пайдаланбайды.
8. **ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ШЕКТЕЛУІ.** Орын алған зақымға қарамастан, осы келісім бойынша НР компаниясы мен оның жабдықтаушыларының толық жауапкершілігі мен сіз алатын жалғыз өтемақыңыз өнімге төленген құннан артық мөлшермен немесе 5,00 АҚШ долларымен шектеледі. **ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢДА БАРЫНША РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ДӘРЕЖЕДЕ, ЕШБІР ЖАҒДАЙДА НР КОМПАНИЯСЫ НЕМЕСЕ ОНЫҢ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ, ТІПТІ НР КОМПАНИЯСЫ НЕМЕСЕ ОНЫҢ ЖАБДЫҚТАУШЫСЫ МҰНДАЙ ЗИЯНДАР БОЛУЫ МҰМКІН ЕКЕНДІГІНЕН ХАБАРДАР ЕТІЛСЕ ДЕ ЖӘНЕ ТІПТІ МҰНДАЙ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚҰРАЛЫ ӨЗІНІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫНА ЖЕТЕ АЛМАСА ДА, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУҒА НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНА АЛМАУҒА ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ ДА БІР ЖАНАМА, ҚОСЫМША, ТІКЕЛЕЙ ЕМЕС НЕМЕСЕ ҚОСАЛҚЫ ЗИЯНДАР (СОНЫҢ ІШІНДЕ АЛЫНБАЙ ҚАЛҒАН ПАЙДА, ДЕРЕКТЕРДІҢ ЖОҒАЛУЫ, ЖҰМЫСТЫҢ ТОҚТАП ҚАЛУЫ, ДЕНЕ ЖАРАҚАТЫ НЕМЕСЕ ҚҰПИЯЛЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУЫ) ҮШІН ЖАУАПТЫ БОЛМАЙДЫ.** Кейбір штаттар немесе басқа юрисдикциялар жанама немесе қосалқы зияндарды есептемеуге немесе шектеуге рұқсат бермейді. Сондықтан жоғарыда айтылған шектеу немесе ерекшелік сізге қатысты болмауы мүмкін.

9. АҚШ ҮКІМЕТІНІҢ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ. Бағдарламалық құрал толығымен жеке шығындарға негізделіп жасалған. Бағдарламалық құрал толықтай тиісті иемдену талаптарына жауап беретін коммерциялық компьютер бағдарламалық құралы болып табылады. Тиісінше, АҚШ FAR 48 CFR 12.212 және DFAR 48 CFR 227.7202 заңдарына сәйкес, Бағдарламалық құралдың АҚШ Үкіметі немесе АҚШ Үкіметінің мердігері тарапынан немесе ол үшін пайдаланылуы, көшірілуі және жария етілуі тек осы Түпкі пайдаланушының лицензиялық келісімінің міндетті федералдық заңдарға қайшы келетін ережелерден басқа шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.
10. ЭКСПОРТТАУ ЗАҢДАРЫМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ. Сіз (а) Бағдарламалық құралды экспорттауға немесе импорттауға қолданылатын, не болмаса (б) Бағдарламалық құралдың Пайдаланылуын шектейтін барлық заңдар мен ережелердің, соның ішінде ядролық, химиялық немесе биологиялық қаруларды таратуға қойылатын шектеулердің талаптарын сақтауға міндеттісіз.
11. ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ ҚОРҒАЛУЫ. HP және оның жабдықтаушылары осы Келісімде сізге тікелей берілмеген барлық құқықтарды өздерінде сақтайды.

© 2009 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Басылым: 04/09

OpenSSL

Бұл өнім OpenSSL жобасы арқылы OpenSSL құралдар жиынында пайдалану үшін жасалған бағдарламалық құралды қамтиды (<http://www.openssl.org/>)

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ OpenSSL ЖОБАСЫ "СОЛ ҚАЛПЫНДА" БЕРЕДІ ЖӘНЕ КЕЗ КЕЛГЕН ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА КЕПІЛДІКТЕР, СОНЫҢ ІШІНДЕ, БІРАҚ ОНЫМЕН ШЕКТЕЛМЕСТЕН, ОНЫҢ ТАУАРЛЫҚ КҮЙІНЕ ЖӘНЕ БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҒЫНА КЕПІЛДІК БЕРМЕЙДІ. OpenSSL ЖОБАСЫ НЕМЕСЕ ҮЛЕС ҚОСУШЫЛАРЫ, МҰНДАЙ ЗИЯН ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТІЛСЕ ДЕ, ОСЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУДАН ТУЫНДАЙТЫН ҚАНДАЙ ДА БІР ТІКЕЛЕЙ, ЖАНАМА, ҚОСЫМША, ҚОСАЛҚЫ, АЙЫППҰЛ НЕМЕСЕ ТІКЕЛЕЙ ЕМЕС ЗИЯНДАРҒА (СОНЫҢ ІШІНДЕ, БІРАҚ ОНЫМЕН ШЕКТЕЛМЕСТЕН, АЛМАСТЫРУШЫ ТАУАРЛАРДЫ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУҒА;

ДЕРЕКТЕРДІҢ НЕМЕСЕ ТАБЫСТЫҢ ЖОҒАЛУЫНА НЕМЕСЕ БИЗНЕСІҢ ТОҚТАУЫНА), ТАЛАПТЫҢ КЕЛІСІМ, ҚАТАҢ ЖАУАПКЕРШІЛІК НЕМЕСЕ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ БОЙЫНША (СОНЫҢ ІШІНДЕ ҰҚЫПСЫЗДЫҚ НЕМЕСЕ БАСҚАСЫ) ҚОЙЫЛҒАНЫНА ҚАРАМАСТАН, ЖАУАПТЫ ЕМЕС.

Бұл өнімге Эрик Янг (ea@cryptsoft.com) жазған криптографиялық бағдарламалық құрал кіреді. Бұл өнімге Тим Хадсон (tjh@cryptsoft.com) жазған бағдарламалық құрал кіреді.

Тұтынушыларды қолдау

Еліңізге/аймағыңызға арналған телефон қолдауын алу	Ел/аймақ телефон нөмірлері өніміңіздің қорабында болған флаерде немесе www.hp.com/support/ сайтында бар.
Өнім атауын, серия нөмірін, сатып алынған күнін және проблемалардың сипаттамаларын көріңіз.	
24 сағаттық Интернет қолдауын алыңыз	<ul style="list-style-type: none">• АҚШ-та www.hp.com/support/ojcolorX555 торабына өтіңіз.• АҚШ-тан тыс жерлерде www.hp.com/support торабына өтіңіз. Еліңізді/аймағыңызды таңдаңыз. Troubleshooting (Ақаулықтарды жою) түймешігін басыңыз. Өнім атауын енгізіп, Search (Іздеу) опциясын таңдаңыз.
Бағдарламалық құрал утилиталарын, драйверлерді және электронды ақпаратты жүктеу	<ul style="list-style-type: none">• АҚШ-та www.hp.com/support/ojcolorX555 торабына өтіңіз. Драйверлер мен бағдарламалық құрал түймешігін басыңыз.• АҚШ-тан тыс жерде www.hp.com/support торабына өтіңіз. Еліңізді/аймағыңызды таңдаңыз. Драйверлер мен бағдарламалық құрал түймешігін басыңыз. Өнім атын енгізіңіз де (мысалы, «LaserJet M575»), Іздеу опциясын таңдаңыз.
Қосымша HP қызмет көрсетуіне немесе қызмет келісімдеріне тапсырыс беру	www.hp.com/go/carepack
Өнімді тіркеу	www.register.hp.com

2 Өнімнің ерекшеліктері

- [Физикалық ерекшеліктері](#)
- [Энергияны тұтыну, электрлік сипаттамалары және дыбыс бөлуі](#)
- [Қоршаған орта ерекшеліктері](#)

Физикалық ерекшеліктері

Кесте 2-1 Сия картридждерімен физикалық сипаттамалары

Өнім	Биіктігі	Тереңдігі	Ені	Салмағы
X555dn	406 мм	399 мм	515 мм	21,9 кг
X555xh	545 мм			27,2 кг

Энергияны тұтыну, электрлік сипаттамалары және дыбыс бөлуі

Ағымдағы ақпарат үшін www.hp.com/support/ojcolorX555 қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ: электр қуатына қатысты талаптар өнім сатылған елге/аймаққа негізделген. Жұмыс кернеуін өзгертпеңіз. Бұл өнімді бұзып, өнімнің кепілдігін жарамсыз етеді.

Қоршаған орта ерекшеліктері

Кесте 2-2 Жұмыс ортасының ерекшеліктері

Орта	Ұсынылады	Рұқсатты
Температура	17-25 °C	15-30 °C
Салыстырмалы ылғалдылық	10-70% салыстырмалы ылғалдылық (СЫ)	10%-80% БЫ
Биіктік	Қолданылмайды	0-3 048 м

3 Нормативтік ақпарат

- [FCC қағидалары](#)
- [Қоршаған ортаны бақылау бағдарламасы](#)
- [Сәйкестік декларациясы](#)
- [Қауіпсіздік мәлімдемелері](#)

FCC қағидалары

Бұл жабдық сынақтан өткізіліп, FCC ережелерінің 15-бөлімі бойынша, А сыныпты сандық құрылғыға қойылған шектеулерге сәйкес екені анықталды. Бұл шектеулер жабдық коммерциялық ортада пайдаланылғанда, зиянды кедергілерден жеткілікті түрде қорғалу үшін жасалған. Бұл жабдық радио жиілік энергиясын шығарады, пайдаланады және радиация туғызуы мүмкін. Нұсқаулыққа сәйкес орнатылмаса және қолданылмаса, радио байланыстарында зиянды кедергі туғызуы мүмкін. Бұл жабдықты тұрғын үйлерде қолдану зиянды кедергі туғызуы мүмкін. Бұндай жағдайда пайдаланушы кедергіні өз қаржысымен түзетуі керек болады.



ЕСКЕРІМ: HP компаниясы нақты мақұлдамаған принтердегі өзгертулер мен турлендірулер пайдаланушының осы жабдықты қолдану құқығын жарамсыз етеді.

Экрандалған интерфейс кабелін қолдану FCC ережелерінің 15-бөлімінің А класы шектеулеріне сай қажет етіледі.

Қоршаған ортаны бақылау бағдарламасы

Қоршаған ортаны қорғау

Hewlett-Packard компаниясы қоршаған ортаға зиян тигізбейтін жолмен сапалы өнімдерді шығаруды ұстанады. Бұл өнім қоршаған ортаға зиянды азайтатын бірнеше белгілермен жобаланған.

Озон өндіру

Бұл өнім ешбір елеулі озон газын өндірмейді (O₃).

Тұтынылатын қуат

Дайын және Күту режимдерінде қуат тұтыну деңгейі айтарлықтай төмендеп, осы өнімнің жоғары өнімділігіне әсер етпестен табиғи қорлар мен қаржыңызды үнемдейді. ENERGY STAR® жазуымен белгіленген Hewlett-Packard баспа және кескіндеу құрылғысы логотипі кескіндеу жабдығына қойылатын АҚШ Қоршаған ортаны қорғау агенттігінің 'ENERGY STAR техникалық шарттарына сай белгіленген. Келесі белгі ENERGY STAR жазуымен белгіленген кескіндеу өнімдерінде болады:



Қосымша ENERGY STAR кескіндеу өнімі моделінің туралы ақпарат тізімі мына сайтта берілген:

www.hp.com/go/energystar

Қағаз пайдалану

Бұл өнімнің қолмен/автоматты дуплекстеу (екі-жақты баспа) және N-дейін баспа (бір бетке бірнеше бетті басып шығару) мүмкіндігі қағаз шығыны мен табиғи қорларды пайдалану қажеттілігін азайтады.

Пластмасса

Ауырлығы 25 граммнан асатын пластмасса бөлшектер бұйымның пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін пластмассаның қайта пайдалануға жарамдылығын күшейтетін халықаралық стандарттар бойынша белгіленген.

HP Officejet принтерінің жабдықтары

Жобалау мен жасап шығаруды, таратуды, пайдаланушыға беруді және қайта жаратуды міндетіне ала отыр, HP компаниясы экология тұрғысынан қолайлы, өнертабысты және жоғары сапалы өнімдер мен қызметтерін ұсынуды. HP ғаламдық серіктестері бағдарламасына қатыссаңыз, сіздің HP LaserJet тонер картридждеріңізді өңдеу арқылы жаңа өнім шығаруға қажетті пластик пен металдарын алып, жөнді қайта жаратуды қамтамасыз етеміз. Сөйтіп, қоқыс төгетін жерлерді миллиондаған тонна қоқыстардан сақтап қаламыз. Бұл картридж қайта өңделіп, жаңа материалдарда пайдаланылатындықтан, ол сізге қайтарылмайды. Қоршаған ортаны сақтауға жауапкершілік көрсеткеніңізге рахмет!



ЕСКЕРІМ: Толық қайта өңдеу және пошталық төлем жапсырмаларына, хатқалталарға немесе қораптарға тапсырыс беру туралы ақпарат алу үшін www.hp.com/recycle торабына өтіңіз.

Қайтару және қайта пайдалану туралы ақпарат

Америка Құрама Штаттары мен Пуэрто-Рико

Толық қайта өңдеу және пошталық төлем жапсырмалары мен хатқалталарға немесе қораптарға тапсырыс беру туралы ақпарат алу үшін www.hp.com/recycle торабына өтіңіз. Төмендегі тиісті нұсқауларды орындаңыз.

Көптік қайтарылымдар (бір картриджден көп)

1. Әр HP Officejet тонер картриджді түпнұсқалық қорапқа және қапшыққа ораңыз.
2. Жәшіктерді байлайтын немесе орайтын таспамен бірге байлау керек. Бір қаптаманың салмағы 31 кг (70 фунт) дейін болуы мүмкін.
3. Бір алдын ала төленген тасымалдау затбелгісін қолданыңыз.

НЕМЕСЕ

1. Өзіңіздің ыңғайлы қорабыңызды пайдаланыңыз, не болмаса www.hp.com/recycle торабынан немесе 1-800-340-2445 телефоны арқылы тегін жинақтау қорабын сұраңыз (HP Deskjet тонер картридждерінің 31 кг (70 фунт) дейін салмағын көтереді).
2. Бір алдын ала төленген тасымалдау затбелгісін қолданыңыз.

Бір ғана картриджді қайтару

1. HP Officejet тонер картриджді түпнұсқалық қапшыққа және қорапқа ораңыз.
2. Тасымалдау затбелгісін қораптың алдыңғы жағына жабыстырыңыз.

Тасымалдау

АҚШ және Пуэрто-Рико елдерінде HP Officejet тонер картридждерін қайта өңдеуге қайтару үшін қораптағы алдын ала төленген, мекенжайы жазылған тасымалдау жапсырмасын пайдаланыңыз. UPS жапсырмасын пайдалану үшін қорапты жеткізу немесе алып кету кезінде UPS (Бірыңғай тасымалдау қызметі) мекемесіне беріңіз немесе өкілетті UPS қабылдау орталығына апарыңыз. (Сұраныс бойынша UPS алып кету қызметінің құны әдеттегі алып кету бағасы бойынша есептеледі.) Жергілікті UPS қабылдау орталығының мекенжайын білу үшін 1-800-PICKUPS нөміріне қоңырау шалыңыз немесе www.ups.com торабын қараңыз.

Егер FedEx жапсырмасы арқылы қайтаратын болсаңыз, онда қорапты АҚШ пошта қызметінің тасымалдаушысына беріңіз немесе FedEx жүргізушісіне келесі жеткізу немесе алып кету кезінде беріңіз. (Сұралған FedEx жермен тасымалдау үшін қалыпты тасымалдау ақысы алынады.) Я болмаса, оралған сия картридждарын кез келген АҚШ поштасында немесе кез келген FedEx жөнелту орталығында немесе дүкенде жіберуге болады. Ең жақын орналасқан АҚШ пошта қызметінің мекенжайын 1-800-ASK-USPS телефоны арқылы немесе www.usps.com торабынан білуге болады. Ең жақын орналасқан FedEx тасымалдау орталығының/қоймасының мекенжайын 1-800-GOFEDEx нөміріне қоңырау шалып немесе www.fedex.com торабына кіріп білуге болады.

Қосымша ақпарат алу үшін немесе көптік қайтарылымдарға қосымша жапсырмалар мен қораптарға тапсырыс беру үшін, www.hp.com/recycle торабына кіріңіз немесе 1-800-340-2445 нөміріне қоңырау шалыңыз. Ақпарат ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Аляска мен Гавайи тұрғындары үшін:

UPS жапсырмасын пайдаланбаңыз. Ақпарат және нұсқаулар алу үшін 1-800-340-2445 нөміріне қоңырау шалыңыз. АҚШ пошта қызметі Аляска мен Гавайи үшін HP компаниясымен жасалған келісім бойынша қайтарылған картриджді тасымалдау қызметіне ақы алмайды.

А.Қ.Ш. тыс қайтарылымдар

HP Planet Partners қайтару және қайта өңдеу бағдарламасына қатынасу үшін жай ғана қайта өңдеу нұсқаулығындағы қарапайым бағыттарды орындаңыз (жаңа өнімді беру жабдығының бумасынан табуға болады) немесе www.hp.com/recycle торабына өтіңіз. HP Officejet баспа жабдықтарын қайтару туралы ақпарат алу үшін ел/аймақты таңдаңыз.

Қағаз


Қағаз HP нұсқауларына сәйкес келген кезде, бұл құрал қайта қолданылатын қағазды қолданатын мүмкіндік. Бұл құрал EN12281:2002 стандартына сәйкес қайта өңделетін қағаз үшін ыңғайлы.

Материалдық шектеулер

Бұл HP бұйымының құрамында сынап қосындысы жоқ.

Бұл HP бұйымындағы батарея пайдалану мерзімі біткеннен кейін арнайы қатынасты қажет етуі мүмкін. Осы бұйымға арналған немесе Hewlett-Packard компаниясы қамтамасыз ететін батареялар төмендегілерді қамтиды:

HP Officejet Enterprise Color X555	
Түрі	Марганец-литий диоксиді
Салмағы	3,0 г
Орны	Негізгі тақтада
Пайдаланушы ауыстыратын	Жоқ



Dit HP Product bevat een lithium-manganese-dioxide batterij. Deze bevindt zich op de hoofdprintplaat. Wanneer deze batterij leeg is, moet deze volgens de geldende regels worden afgevoerd.



廢電池請回收

Please recycle waste batteries.


California Perchlorate Material Notice

Perchlorate material - special handling may apply. See: <http://www.dtsc.ca.gov/hazardouswaste/perchlorate/>

This product's real-time clock battery or coin cell battery may contain perchlorate and may require special handling when recycled or disposed of in California.

Қалдықтарды өңдеу туралы ақпаратты алу үшін www.hp.com/recycle сайтына кіріңіз немесе жергілік органдарға немесе Электроникалық Өнеркәсіп Одағына хабарласыңыз. www.eiae.org.

Пайдаланушылар тарапынан қалдық жабдықты тастау



Бұл таңба өнімді басқа үй қоқысымен тастауға болмайтындығын білдіреді. Оның орнына қалдық жабдықты пайдаланылған электрлік және электрондық жабдыктарды өңдеу үшін жинайтын арнайы орынға тапсыру арқылы адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауыңыз керек. Қосымша ақпарат алу үшін үй қоқысын тастау қызметіне хабарласыңыз немесе мына торапқа өтіңіз: www.hp.com/recycle.

Электрондық аппараттық құралды өңдеу

HP компаниясы тұтынушыларды пайдаланған электрондық аппараттық құралды өңдеуге шақырады. Өңдеу бағдарламалары туралы қосымша ақпарат алу үшін мына торапқа өтіңіз: www.hp.com/recycle.

Химиялық заттар

HP компаниясы біздің тұтынушыларымызды REACH (Еуропалық Парламент пен Кеңестің EO нормативтік құжат нөмірі 1907/2006) сияқты заң талаптарымен сәйкес болу қажеттілігімен біздің өнімдеріміздегі химиялық заттар туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді. Бұл өнімге арналған химиялық ақпарат есебін мына тораптан табуға болады: www.hp.com/go/reach.

Материалдардың қауіпсіздігі туралы мәліметтер парағы (MSDS)

Құрамында химиялық заттар бар (мысалы, сия) қамсыздандыру материалдарының Материалдық қауіпсіздік паспортын (МҚП) HP компаниясының www.hp.com/go/msds веб-торабынан алуыңызға болады.

ЕРЕАТ

Көптеген HP өнімдері ЕРЕАТ нормасына сай жасалған. ЕРЕАТ — жаңа электронды жабдықты анықтауға көмектесетін толық қоршаған орта нормасы. ЕРЕАТ туралы толығырақ ақпарат алу үшін www.epeat.net торабына кіріңіз. HP компаниясының ЕРЕАТ тіркелген өнімдері туралы ақпарат алу үшін www.hp.com/hpinfo/globalcitizenship/environment/pdf/epeat_printers.pdf торабына кіріңіз.

Қосымша ақпарат алу үшін

Мынадай қоршаған ортаны қорғауға байланысты тақырыптар туралы ақпарат алу үшін:

- Осы өнім және HP компаниясының көптеген байланысты өнімдері үшін қоршаған ортаны қорғауына қатысты ақпарат парағы
- HP компаниясының қоршаған ортаны қорғау туралы ұстанымы
- HP компаниясының қоршаған ортаны қорғау қатысты мәселелерді басқару жүйесі

- HP компаниясының қызмет ету мерзімі біткен өнімдерді қайтару және қайта пайдалану бағдарламасы
- Материалдардың қауіпсіздігі туралы мәліметтер парақтары

www.hp.com/go/environment торабын қараңыз.

Сәйкестік декларациясы

Сәйкестік декларациясы

ISO/IEC 17050-1 and EN 17050-1 сәйкес

Өндірушінің аты: Hewlett-Packard компаниясы Құжат № BOISB-1300-00-R1
Өндірушінің мекенжайы: 11311 Chinden Boulevard
Бойс, Айдахо 83714-1021, АҚШ

өнімді, жариялайды

Өнім аты HP Officejet Enterprise Color X555dn және HP Officejet Enterprise Color X555xh

Нормативтік модель:¹⁾ BOISB-1300-00

Өнімнің қосалқы құралы: B5L07A – HP Officejet Enterprise 500 парақтық қағаз науасы

Сия картридждері:

- D8J03A – HP 980 STARTUP циан Officejet картриджі
- D8J04A – HP 980 STARTUP күлгін Officejet картриджі
- D8J05A – HP 980 STARTUP сары Officejet картриджі
- D8J06A – HP 980 STARTUP қара Officejet картриджі
- D8J07A – HP 980A циан Officejet картриджі
- D8J08A – HP 980A күлгін Officejet картриджі
- D8J09A – HP 980A сары Officejet картриджі
- D8J10A – HP 980A қара Officejet картриджі


төмендегі өнімнің техникалық сипаттамаларына және ережелерге сәйкес келеді:

EMC: CISPR 22:2008 / EN55022:2010 A сыныбы
CISPR 24:1997 +A1:2001 +A2:2002 / EN55024:2010
EN 61000-3-2:2006 +A1:2009 +A2:2009
EN 61000-3-3:2008
FCC атауы: 47 CFR, 15-бөлім, A²⁾ сыныбы / ICES-003, 4 шығарылымы
GB9254-2008, GB17625.1-2003

ҚАУІПСІЗДІК: IEC 60950-1:2005 +A1:2009 / EN60950-1: 2006 +A11:2009 +A1:2010 +A12:2011
IEC 60825-1:2007 / EN 60825-1:2007 (1-сыныпты лазер/ЖШД өнімі)
IEC 62479:2010 / EN 62479:2010
GB4943.1-2011

RoHS: EN 50581:2012

Қосымша ақпарат:

Өнім осы құжат арқылы электромагниттік үйлесімділікке қатысты 2004/108/ЕС директивасының, төмен кернеуге қатысты 2006/95/ЕС директивасының және 2011/65/ЕС RoHS директивасының талаптарына сай келеді және тиісінше  белгісі бар.

Бұл құрылғы FCC ережелерінің 15-бөліміне сәйкес келеді. Өнімнің жұмыс істеуі келесі екі шартқа байланысты: (1) бұл құрылғы зиянды кедергі тудырмауы керек және (2) бұл құрылғы кез келген алынған кедергіні, соның ішінде қажетсіз әрекеттің тууына себепші болатын кедергіні де қабылдауы керек.

Қосымша ақпарат:

1. Бұл өнімге нормативтік модель нөмірі белгіленген, бұл дизайнның нормативтік аспектітерін құрайды. Нормативтік модель нөмірі – нормативтік құжаттамадағы және сынақ туралы есептердегі негізгі өнім идентификаторы, бұл нөмірді маркетингтік атаумен немесе өнім нөмірлерімен шатастырмау керек.
2. Өнім EN55022 және CNS13438 стандарттарының А сыныпты өнімдерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді, бұл жағдайда мынаны ескеру қажет: «Абайлаңыз! Бұл А сыныпты өнім. Үй жағдайларында бұл өнім радио кедергісін тудыруы мүмкін. Мұндай жағдайда пайдаланушы тиісті шаралар қолдануы қажет болуы мүмкін».

Бойс, Айдахо АҚШ

Шілде, 2013

Тек ережелер туралы тақырыптар бойынша мына жерге хабарласыңыз:

Еуропа бойынша хабарласу: Hewlett-Packard GmbH, HQ-TRE, Herrenberger Straße 140, D-71034 Böblingen, Germany

www.hp.eu/certificates

АҚШ бойынша хабарласу: Hewlett-Packard, 3000 Hanover St., Palo Alto, CA 94304, U.S.A. 650-857-1501

Қауіпсіздік мәлімдемелері

Канада - Канада Өнеркәсіп министрлігінің ICES-003 стандартына сәйкестік туралы мәлімдемесі

CAN ICES-3(A)/NMB-3(A)

VCCI мәлімдемесі (Жапония)

この装置は、クラスA情報技術装置です。この装置を家庭環境で使用すると電波妨害を引き起こすことがあります。この場合には使用者は適切な対策を講ずるよう要求されることがあります。

VCCI-A

Электр сымына арналған нұсқаулар

Қуат көзінің өнімнің кернеуіне сәйкес екендігін тексеріңіз. Кернеу өнімнің жапсырмасында болады. Өнім 100-127 Вольтті немесе 220-240 Вольтті және 50/60 Герцті пайдаланады.

Электр сымын жерге қосылған электр розеткасына қосыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ: Өнімнің зақымданбауының алдын алу үшін тек өніммен бірге берілген электр сымын пайдаланыңыз.

Электр сымы жөніндегі мәлімдеме (Жапония)

製品には、同梱された電源コードをお使い下さい。
同梱された電源コードは、他の製品では使用出来ません。

ЭМУ мәлімдемесі (Қытай)

此为 A 级产品，在生活环境中，该产品可能会造成无线电干扰。在这种情况下，可能需要用户对其干扰采取切实可行的措施。

EMC мәлімдемесі (Корея)

A급 기기 (업무용 방송통신기기)	이 기기는 업무용(A급)으로 전자파적합등록을 한 기기이오니 판매자 또는 사용자는 이점을 주의하시기 바라며, 가정 외의 지역에서 사용하는 것을 목적으로 합니다.
-----------------------	--

EMI мәлімдемесі (Тайвань)

警告使用者：

這是甲類的資訊產品，在居住的環境中使用時，可能會造成射頻干擾，在這種情況下，使用者會被要求採取某些適當的對策。

GS мәлімдемесі (Германия)

Das Gerät ist nicht für die Benutzung im unmittelbaren Gesichtsfeld am Bildschirmarbeitsplatz vorgesehen. Um störende Reflexionen am Bildschirmarbeitsplatz zu vermeiden, darf dieses Produkt nicht im unmittelbaren Gesichtsfeld platziert werden.

Das Gerät ist kein Bildschirmarbeitsplatz gemäß BildscharbV. Bei ungünstigen Lichtverhältnissen (z. B. direkte Sonneneinstrahlung) kann es zu Reflexionen auf dem Display und damit zu Einschränkungen der Lesbarkeit der dargestellten Zeichen kommen.

Заттар кестесі (Қытай)



零件描述	有毒有害物质和元素					
	铅	汞	镉	六价铬	多溴联苯	多溴联苯醚
外壳和托盘*	0	0	0	0	0	0
电线*	0	0	0	0	0	0
印刷电路板*	X	0	0	0	0	0
打印系统*	X	0	0	0	0	0
显示器*	X	0	0	0	0	0
喷墨打印机墨盒*	0	0	0	0	0	0
驱动光盘*	X	0	0	0	0	0
扫描仪*	X	X	0	0	0	0
网络配件*	X	0	0	0	0	0
电池板*	X	0	0	0	0	0
自动双面打印系统*	0	0	0	0	0	0
外部电源*	X	0	0	0	0	0

0: 指此部件的所有均一材质中包含的这种有毒有害物质，含量低于 SJ/T11363-2006的限制
X: 指此部件使用的均一材质中至少有一种包含的这种有毒有害物质，含量高于 SJ/T11363-2006的限制
注: 环保使用期限的参考标识取决于产品正常工作的温度和湿度等条件
*以上只适用于使用这些部件的产品

SEPA пайдаланушы ақпаратының экологиялық заттаңбасы (Қытай)

中国环境标识认证产品用户说明

噪声大于 63.0 dB(A)的办公设备不宜放置于办公室内，请在独立的隔离区域使用。

如需长时间使用本产品或打印大量文件，请确保在通风良好的房间内使用。

如您需要确认本产品处于零能耗状态，请按下电源关闭按钮，并将插头从电源插座断开。

您可以使用再生纸，以减少资源耗费。

Қауіпті заттар мәлімдемесіндегі шектеулер (Түркия)

Türkiye Cumhuriyeti: EEE Yönetmeliğine Uygunur

Зиянды заттарға қатысты шектеулер мәлімдемесі (Украина)

Обладнання відповідає вимогам Технічного регламенту щодо обмеження використання деяких небезпечних речовин в електричному та електронному обладнанні, затвердженого постановою Кабінету Міністрів України від 3 грудня 2008 № 1057

Еуразиялық нормаларға сәйкестік (Беларусь, Қазақстан, Ресей)



Производитель: Hewlett-Packard Company, 3000 Hanover Street, Palo Alto, California 94304, США.

НР Россия: ЗАО «Хьюлетт-Паккард А.О.», 125171, Россия, г. Москва, Ленинградское шоссе, 16А, стр.3, тел./факс: +7 (495) 797 35 00, +7 (495) 287 89 05

НР Беларусь: ИООО «Хьюлетт-Паккард Бел», 220030, Беларусь, г. Минск, ул. Интернациональная, 36-1, офис 722-723, тел.: +375 (17) 392 28 18, факс: +375 (17) 392 28 21

НР Казахстан: ТОО «Хьюлетт-Паккард (К)», 050040, Казахстан, г. Алматы, Бостандыкский район, ул. Тимирязева, 28В, 1 этаж, тел./факс: +7 (727) 355 35 50, +7 (727) 355 35 51

Өндіруші: Hewlett-Packard Company, 3000 Hanover Street, Palo Alto, Калифорния 94304, АҚШ

НР Қазақстан: ЖШС «Хьюлетт-Паккард (К)», 050040, Қазақстан, Алматы қ., Бостандық ауданы, Тимирязев к-сі, 28В, тел./факс: +7 (727) 355 35 50, +7 (727) 355 35 51

Индекс

А	акустикалық ерекшеліктер 16
Б	бағдарламалық құрал бағдарламалық құрал лицензиялық келісімі 10
В	Веб-сайттар Материалдардың қауіпсіздігі туралы мәліметтер парағы (MSDS) 22 Веб сайттарда тұтынушыларды қолдау 14
Е	ерекшеліктер физикалық 16 Еуразиялық нормаларға сәйкестік 29
Ж	Жапондық VCCI мәлімдемесі 26
К	кепілдік лицензия 10 өнім 2 Кореялық EMC мәлімдемесі 26
Қ	қайта пайдалану HP компаниясының шығыс материалдарын қайтару және қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы 20 қалдықты тастау 22 қолдау онлайн 14 қоршаған ортада басқару бағдарламасы 19 құрамындағы батареялар 21
Л	лицензия, бағдарламалық құрал 10
М	Материалдардың қауіпсіздігі туралы мәліметтер парағы (MSDS) 22 материалдық шектеулер 21
О	онлайн қолдауы 14
Ө	өлшем ерекшеліктері, өнім 16 өңдеу электрондық аппараттық құрал 22
П	пайдаға асыру, пайдалану мерзімі біткеннен кейін 21 пайдалану мерзімі біткеннен кейін пайдаға асыру 21
С	сипаттамалары электрлік және дыбыстық 16 сынапсыз бұйым 21
Т	Тайваньдық EMI мәлімдемесі 27 техникалық қолдау онлайн 14 тұтынушыларды қолдау онлайн 14
Ф	физикалық ерекшеліктері 16
Э	электрлік ерекшеліктер 16 электрондық аппараттық құралды өңдеу 22 энергияны тұтынуы 16
Ғ	FCC қағидалары 18
Н	HP Тұтынушыларды қорғау 14



C2S11-90965

